

**"Санаториялық және сауықтыру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 қаңтардағы № 178 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 8 қыркүйектегі № 754 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 08.09.2015 № 754 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

**БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ**

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 19 наурыздағы № 233 бұйрығын қараңыз.

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 6-бабының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған «Санаториялық және сауықтыру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Премьер-Министрі*

*Қазақстан  
К. Мәсімов*

*Республикасының*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

3 1

қ а ң т а р д а ғ ы

№

1 7 8

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**«Санаториялық және сауықтыру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары**

## 1. Жалпы ережелер

1. «Санаториялық және сауықтыру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары (бұдан әрі – Санитариялық қағидалар) санаториялық және сауықтыру объектілерін жобалау, салу, сумен жабдықтау, су бұру, жарықтандыру, желдету, үй-жайларын күтіп-ұстау және пайдалану, емдік-профилактикалық және қоғамдық тамақтануды, медициналық қамтамасыз етуді, персоналдың тұру және еңбек жағдайларын ұйымдастыру кезінде оларға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды қамтиды.

2. Осы Санитариялық қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылды:

1) аэрарий – ауа ванналарын қабылдау үшін жабдықталған алаң, қалқа;

2) сауықтыру объектілері – 6 жастан 18 жасқа дейінгі балалар үшін оқу-тәрбиелеу, дене шынықтыру-сауықтыру, емдеу-сауықтыру қызметін және мәдени бос уақыттарын ұйымдастыруды жүзеге асыратын ұйымдар балалар сауықтыру ұйымдары (бұдан әрі – БСҰ), оның ішінде жалпы, орта және қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын жыл бойы жұмыс істейтін Б С Ұ ;

3) бракераж – тамақ өнімдері мен дайын тамақтардың сапасын органолептикалық көрсеткіштері бойынша бағалау;

4) Генча сынамасы – тыныс алу жүйесінің функционалдық жағдайын бағалайтын көрсеткіш;

5) дезинфекциялық және дезинсекциялық құралдар – инфекциялық (паразиттік) аурулардың қоздырғыштарын және жәндіктерді жою үшін қолданылатын химиялық заттар;

6) инсоляция – алаңды, үй-жайды, ғимаратты гигиеналық бағалауға арналған күн радиациясының нормаланатын көрсеткіші;

7) Кетле индексі – баланың дене дамуының үйлесімділігін бағалау көрсеткіші ;

8) климаттық аймақ – климаттық белгілері (температура, ылғалдылық) бойынша бөлінетін аумақ;

9) санаториялық объектілер – табиғи емдік физикалық факторларды (климат, минералды сулар, балшықтар), физиотерапиялық әдістерді, емдік дене шынықтыру мен басқа да жағдайларды басым пайдалана отырып, белгіленген режимді сақтау кезіндегі, профилактикалық, медициналық оңалтуға және демалуға арналған туберкулезге қарсы мекемелер, оның ішінде алғанда емдеу-профилактикалық мекемелер (бұдан әрі – санаторийлер);

10) солярий – күн ванналарын қабылдауға арналған жабдықталған алаң, үй - ж а й .

3. Санаторийдің және БСҰ персоналының қызметтерді жүзеге асыру кезінде медициналық кітапшасы, гигиеналық оқытудан өткені туралы мәліметтері болуы қ а ж е т .

4. Балалардың туберкулезге қарсы санаторийіне емдеудің сүемелдеуші фазасындағы бактерия бөлмейтін туберкулезбен ауыратын науқас балаларды қоса алғанда 1 жастан бастап 14 жасқа дейінгі балалар, виражбен және гиперергиялық реакциясы бар балалар, сондай-ақ туберкулез инфекциясы ошақтарының және туберкулезбен ауырып сауыққан балалар қабылданады. Санаторийлерде жататын және нашар қозғалатын балалар үшін 10%-ға дейін орын көзделуі тиіс.

## **2. Санаториялық және сауықтыру объектілерін жобалауға және салуға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар**

5. Салынған немесе қайта жаңартылған ғимараттарды пайдалануға беру ғимараттарды санаторий мен БСҰ ретінде уақытша пайдаланған кезде осы Санитариялық қағидаларға сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды болғанда жол беріледі.

6. БСҰ-ның және санитарийдің құрылтайшысы немесе меншік иесі қажетті ұйымдастыру және профилактикалық іс-шараларды жүргізу үшін тиісті аумақтардағы мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органдарын оның ашылу мерзімдері туралы кемінде 90 күн бұрын хабардар етуі қажет.

7. Санаторийлер мен БСҰ қала сыртындағы, орман алқаптары мен су қоймаларына жақын, шу және атмосфералық ауаны ластау көздерінің жел жағында, су қоймасының ағысы бойынша ластау көздеріне қатысты жоғары жағында және санитариялық-қорғаныш аймағын сақтаған жағдайда орналастырылады.

8. Таулы аудандарда және курорттық аймақтарда БСҰ-ны және санаторийді орналастыру кезінде жасыл аймақ ретінде оларға іргелес бақтар мен орман саябақтары пайдаланылады.

9. БСҰ-ның жер учаскесінің шекарасынан тұрғын үй құрылысына дейінгі қашықтық кемінде 50 метр (бұдан әрі – м) болуына жол беріледі, санаторийге – кемінде 100 м.

БСҰ-ның және санаторийдің жер учаскесі шекарасының автомобиль жолына дейінгі қашықтығы кемінде 500 м және бау-бақша шаруашылығы учаскелеріне дейінгі қашықтық 300 м болуына жол беріледі.

10. Санитариялық-қорғаныш аймақтарының аумағында БСҰ-ны және санаторийді орналастыруға жол берілмейді. Өнеркәсіптік, коммуналдық және шаруашылық ұйымдардан сауықтыру мекемелеріне дейінгі қашықтық қалалық,

кенттік және ауылдық елді мекендерді жоспарлауға және салуға қойылатын талаптарға сәйкес қабылданады.

Қалалық (ауылдық) мақсаттағы магистральдық инженерлік коммуникациялар (сумен жабдықтау, су бұру, жылумен жабдықтау, электрмен жабдықтау) БСҰ-ның және санаторий аумағы арқылы өтпеуі тиіс.

11. Жаңа санаторийлерді және БСҰ-ны жобалау және салу кезінде оларды:

- 1) желдің бағытын есепке ала отырып;
- 2) шу және атмосфералық ауаның ластану көздерінен жел жақ бетіне;
- 3) ластану көздеріне қатысты су қоймаларының ағысы бойынша жоғары;
- 4) орман алқаптарына және су қоймаларына жақын орналастырылады.

Қала сыртындағы сауықтыру мекемелері қызметкерлерге арналған тұрғын үйлерден, сондай-ақ ересектердің демалыс мекемелерінен ені кемінде 100 м жасыл желек жолағымен бөлінеді.

12. Санаторийлерде және БСҰ-да:

1) бұрын қоқыс төгетін орын, мал өлексесін көметін орын, ассенизация алаңдары, бейіттер ретінде пайдаланылған, сондай-ақ химиялық, бактериялық немесе басқа да топырақтың ластануы бар учаскелерде орналастыруға;

2) аумағы бойынша қалалық (ауылдық) мақсаттағы магистральды инженерлік коммуникацияларды (сумен жабдықтау, су бұру, жылумен жабдықтау, электрмен жабдықтау) жүргізуге;

3) аумаққа санаторий мен БСҰ-ны күтіп-ұстауға және пайдалануға қатысы жоқ тұрғын үй, оның ішінде персоналға, ұйымдарға арналған құрылыстарды, ғимараттарды орналастыруға;

4) аумақта үй жануарлары мен құстарының болуына және оларды жаюға жол берілмейді.

13. Санаторий мен БСҰ-ның аумағы абаттандырылады, көгалдандырылады, биіктігі 1,6 м қоршаумен қоршалады, қорғалады, түнгі уақытта жарықтандырылады, кемінде екі кіретін орны (негізгі және шаруашылық) болады.

14. Аумақта тікенекті бұталарды, ұсақ, улы және балаларда аллергия тудыратын жемістер беретін жасыл желектерді (ағаштар, бұталар) отырғызуға жол берілмейді.

15. Санаторийді және БСҰ-ны ашу алдында аумақты айғақтары бойынша кенеге қарсы өңдеуді және кеміргіштерге қарсы күрес бойынша іс-шараларды уақтылы ұйымдастыру және жүргізу қажет.

16. Жас көшеттері жоқ аумақта, кіретін жолдарда, жүк түсіретін алаңдарда, тротуарларда, көлік құралдарының тұрағына арналған орындарда қатты жабыны және жаңбыр мен еріген су ағатын еңістері болуы тиіс.

17. Санаторийдің және БСҰ-ның жер учаскесі негізгі және қосалқы құрылыс

аумағына

бөлінеді.

БСҰ негізгі құрылысының аумағы мынадай: тұрғын, мәдени-көпшілік, дене шынықтыру-сауықтыру, медициналық, әкімшілік, шаруашылық және техникалық мақсаттағы аймақтарға бөлінеді.

Қосалқы аумақта: отын сақтауға арналған қоймасы бар қазандық, сумен жабдықтау құрылысы, гараж, жөндеу шеберханалары, автотұрақ орналасады.

18. Санаторий мен БСҰ-ның дене шынықтыру-сауықтыру құрылыстарының құрамы, саны мен ауданы осы Санитариялық қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес айналынады.

19. Көкөністер қоймасы негізгі құрылыстардан 50 м қашықтықта, жанатын материалдар қоймалары 100 м қашықтықта орналасады.

20. Халықтың аз қозғалатын топтары үшін арнайы құрылғылар (пандустар, көтергіштер, тұтқалар) жабдыкталады.

21. Қабылдау бөлімшесінің, медициналық қызмет көрсету үй-жайларының, ас блогының және санитариялық-тұрмыстық үй-жайдың (кір жуатын орын, дәретхана, қолжуғыш, себезгі бөлмесі) қабырғалары мен еденінің беттері жуу және дезинфекциялау құралдарына төзімді материалдардан орындалады.

22. Жатын, емдік-диагностикалық, оқу үй-жайлары, ас блогы мен мәдени-көпшілік мақсаттағы үй-жайлар бір корпуста жерүсті қабаттарында немесе жылытылатын өтпе жолдармен қосылған жеке блоктарда орналасады. Ғимараттарға кіретін сыртқы есіктер климаттық жағдайларға қарай тамбурлармен жабдыкталады.

23. Соқыр және нашар көретін адамдар үшін жоғарғы және төменгі баспалдақтар, бірінші және соңғы басқыштар тұтқаларының учаскелері бұдырмен және қарама-қарсы түстермен белгіленеді.

24. Ғимараттардың цокольды қабатында терезелер бар болғанда киім ілетін орынды, әкімшілік үй-жайларды, кір жуатын орындарды, қоймаларды және асханалардың өндірістік үй-жайларын, машина қондырғылары бар тоңазытқыш камераларын орналастыруға жол беріледі.

25. Жертөле үй-жайларында қойма және қосалқы үй-жайлар, желдету камералары, көтергіш-лифтілер және басқа да қосалқы қызметтер орналасады.

26. Шу-діріл жабдығы бар үй-жайларды жапсарлас, жатын үй-жайлар мен емдік-диагностикалық кабинеттердің астына және үстіне, рентген кабинеттерін жатын үй-жайлардың астына және үстіне орналастыруға жол берілмейді.

27. Биіктігі 3 қабат және одан жоғары санаторий ғимараттарында кемінде екі жолаушылар лифті көзделеді. Лифт шахтасын жатын және емдеу үй-жайларымен жапсарлас орналастыруға жол берілмейді.

28. Санаторийдегі тұрғын бөлмелердің ауданы бір орынға кемінде  $6,0 \text{ м}^2$

есебінен көзделеді. Ересектерге арналған санаторийдегі тұрғын бөлмелер бір-екі о р ы н ғ а е с е п т е л е д і .

29. 8 жастан 18 жасқа дейінгі балалар үшін бір жатын бөлмедегі орын саны бір балаға 4,5 м<sup>2</sup> есебінен 5-тен асырмай, 6-7 жастағы балалар үшін – 10-нан а с ы р м а й к ө з д е л е д і .

Отрядқа арналған ойын бөлмесінің ауданы бір балаға 2 м<sup>2</sup> есебінен көзделеді.

30. Ингаляторий, оттекпен емдеу кабинеті және дәрілік препараттар кабинеті жапсарлас орналасады және дәрілік шөптерді сақтауға арналған жалпы қосалқы ү й - ж а й ы б о л у ы м ү м к і н .

31. БСҰ балалардың жас ерекшеліктерін есепке ала отырып, отрядтар немесе топтар б о й ы н ш а топтастырылады:

- 1) 6 жастан 9 жасқа дейін – 25 адамнан асырмай;
- 2) 10 жастан 14 жасқа дейін – 30 адамнан асырмай;
- 3) 15 жастан 18 жасқа дейін – 25 адамнан асырмай.

32. Жылытылмайтын ғимараттардағы БСҰ-ның жатын үй-жайларын орналастыру кезінде балалардың орналасуына сыртқы ауаның орташа тәуліктік температурасы бес күн ішінде кемінде плюс 16<sup>0</sup>С-та рұқсат етіледі.

33. Балаларды қабылдау осы Санитариялық қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтама болғанда жүзеге асырылады.

34. Санаторийлердегі және БСҰ-дағы оқу жиһазы балалардың бойы-жас ерекшеліктеріне сәйкес болуы тиіс. Екі қабатты кереуеттерді пайдалануға жол б е р і л м е й д і .

35. Санаторийлердің және БСҰ-ның үй-жайларында терезе желдеткіштеріне және фрамугаларын москит торлар орнатылады.

### **3. Санаториялық және сауықтыру объектілерін сумен жабдықтауға, суды бұруға, желдетуге, жылытуға және жарықтандыруға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар**

36. Санаторий мен БСҰ орталықтандырылған суық және ыстық сумен жабдықтау және су бұру жүйелеріне қосылады.

Санаторий мен БСҰ ғимараттары шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау, су бұру жүйелерімен жабдықталады. Барлық жүйелер қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ете отырып, жұмыс істейтін жағдайда болады.

37. Санаторийлер мен БСҰ сапалы ауыз сумен жеткілікті көлемде қ а м т а м а с ы з е т і л е д і .

38. Ыстық сумен жабдықтаумен ас блогының өндірістік үй-жайлары, кір жуатын орын, монша, себезгі бөлмесі, қол жуатын орын, жеке гигиена

кабиналары, медициналық мақсаттағы үй-жайлар қамтамасыз етіледі.

БСҰ-ның аумағында тұрғын үй ғимараттарынан, мәдени-көпшілік және әкімшілік-тұрмыстық ғимараттардан кемінде 50 м қашықтықта 35 адамға 1 дәретхана орны есебімен кәрізделген дәретханаларды немесе биодәретханаларды орнатуға жол беріледі.

39. Санаторийде және БСҰ-да ауыз су сапасының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ауыз су режимін ұйымдастыру керек.

40. Санаторийді және БСҰ-ны орталықтандырылған су бұруы жоқ аудандарда орналастырған кезде сарқынды суларды шығару мен тазалаудың жергілікті жүйелерін (жергілікті тазарту құрылыстары) орнатуға жол беріледі. Жергілікті су бұру жүйелерін таңдау және орнату тиісті аумақтағы халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен келісіледі.

41. Туберкулезге қарсы санаторийлердің сарқынды сулары суды бұру жүйесіне жіберу алдында дезинфекциялауға жатады.

42. Санаторий мен БСҰ үй-жайлары жылыту, желдету және ауа баптау жүйелерімен жабдықталады.

43. Үй-жайлар фрамугалар немесе терезе желдеткіші арқылы желдетумен қамтамасыз етіледі.

44. Себезгі және санитариялық тораптар дербес сору желдеткішімен жабдықталады.

45. Температурасы минус 40<sup>0</sup>С-тан төмен климаттық аудандарда биіктігі үш қабат және одан жоғары тұрғын үй-жайлар сыртқы ауаны жылытатын тарату желдеткішімен жабдықталуы тиіс.

46. Санаторий мен БСҰ-ның үй-жайларында табиғи жарық болуы тиіс. Мына үй-жайларда: жатын үй-жайлар мен себезгі бөлмелерінің жанындағы дәретханаларда; емдеу кабинеттері жанындағы киім ілетін орындарда, емшара кабинеттерінің қосалқы үй-жайларында; жуынатын, жуатын бөлмелерде; жертөле үй-жайларында табиғи жарықсыз болуға жол беріледі.

47. Үй-жайларды жасанды жарықтандыруға қойылатын талаптар осы Санитариялық қағидаларға 3-қосымшада келтірілген.

48. Жарамсыз люминисцентті шамдарды уақтылы ауыстырады. Артық және жарамсыз шамдар балалардың қолы жетпейтін үй-жайларда сақталады. Істен шыққан люминисцентті шамдарды сақтау және шығару жауапты адамға жүктеледі.

#### **4. Санаториялық және сауықтыру объектілерін күтіп-ұстауға және пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар**

49. Барлық үй-жайларды жинау күн сайын жуу құралдарын қолдана, желдете отырып, ылғалды тәсілмен күн сайын жүргізіледі. Әйнектердің ішкі беті күн сайын сүртіледі, айына бір рет жуылады, сыртқы әйнектер – ластануына қарай жуылады. Едендер күніне екі рет жуылады. Жиһаз, радиаторлар, терезенің алды, киімге арналған шкафтар – күн сайын сүртіледі және аптасына бір рет жуылады.

50. Сауықтыру кампаниясы басталар алдында және әрбір ауысым аяқталған соң техникалық персонал күрделі жинау жүргізеді: рұқсат етілген жуу және дезинфекциялау құралдарын пайдалана отырып еденді, қабырғаны, есіктерді, терезелерді, жарықтандыру арматурасын, жылыту аспаптарын, желдеткіш торларды жуады және жиһаздарды сүртеді.

51. Сору желдеткіші жүйелерінің жалюз торлары шаңнан тазартылады, оларды үй-жайдың және сыртқы ауаның температурасы кенеттен өзгерген кезде ж а б у к е р е к .

52. Санаторий және БСҰ жұмыс істеп тұрған кезде күрделі жөндеу және жөндеу жұмыстарының басқа да түрлерін жүргізуге жол берілмейді.

53. Тұрғын бөлмелерді жинау үй-жайларды күн сайын желдету, төсек-жабдықтарын жинау, жиһазды, кілемдерді немесе еденнің төсенішін шаңнан тазалау, еден мен санитариялық торапты жинау арқылы жүргізіледі.

54. Жинау мүкәммалы (легендер, шелектер, щеткалар, шүберектер және т.б.) таңбалануы және үй-жайларға бөлек бекітілуі тиіс. Пайдаланылғаннан кейін жинау мүкәммалын жуу және дезинфекциялау құралдарымен ыстық сумен жуады және сол үшін арнайы бөлінген шкафтарда немесе үй-жайларда сақтайды.

Санитариялық тораптарды жинауға арналған жинау мүкәммалының сигнальдық (қызыл, сарғылт) белгісі болуы және жеке сақталуы тиіс.

55. Төсек-жабдықтарын және сүлгілерді ауыстыру ластануына байланысты, бірақ жеті күнде бір реттен сиретпей және тұратын адамдар кеткеннен кейін жү р г і з і л е д і .

56. Киім-кешекті жуу өзінің кір жуатын орнында немесе шарт бойынша өзге кір жу а т ы н о р ы н д а жү р г і з і л е д і .

57. Дәретханалар жуу және дезинфекциялау құралдарын пайдалана отырып, кү н с а й ы н жу ы л а д ы .

58. Санаторийдің және БСҰ-ның аумағын жинау күн сайын жүргізіледі. Қоқыс қоқыссалғышқа жиналады және оның 3/2 көлемі толуына байланысты тұрмыстық қалдықтарды шығаруға арналған шартқа сәйкес қатты тұрмыстық қалдықтар полигонына шығарылады. Контейнерлер (қоқыссалғыштар) босатылғаннан кейін тазартылуы және қолдануға белгіленген тәртіппен рұқсат етілген құралдармен өңделуі тиіс. Аумақта тұрмыстық қоқысты және жапырақтарды өртеуге тыйым салынады.

Учаскенің жабдығы (үстелдер, орындықтар, дене шынықтыру жабдығы мен



шағын сәулет нысандары) жарамды жағдайда ұсталуы тиіс.

59. Тұрмыстық қоқыс пен қалдықтарды жинау үшін бетондалған немесе асфальтталған алаңда орнатылған, қақпақтары бар металл контейнерлер көзделеді. Алаң негізгі ғимараттардан кемінде 25 м қашықтықта орналасады.

60. Тұрғын бөлмелердегі ауаның температурасы  $18^{\circ}\text{C}$ -тан, изолятор палаталарында  $20^{\circ}\text{C}$ -тан, вестибюльде  $16^{\circ}\text{C}$ -тан төмен болмауы тиіс. Салыстырмалы ылғалдылық 40-60%-ды құрайды.

## **5. Санаториялық және сауықтыру объектілерінің жағажайларын күтіп-ұстауға және пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар**

61. Жағажай оқшуаланған учаскеде, айлақтардан, шлюздерден, гидроэлектр станцияларынан, сарқынды суларды жіберу орындарынан, малдың қорасы мен суатынан және басқа да ластану көздерінен алыста орналасады немесе жоғарыда көрсетілген ластану көздерінен кемінде 500 м қашықтықта орналасады.

62. Су қоймасының түбі ұйық, балдырлары, бұжыр ағаштары, үшкір тастары жоқ, құмды болып таңдалады. Балалардың шомылатын орындарындағы су қоймасының тереңдігі 0,7-ден 1,3 м-ге дейін құрайды.

63. Жағажай күннен қорғайтын қалқалармен, жатақтармен және отырғыштармен жабдықталуы тиіс.

Жағажайдың аумағында себезгі кабиналары (40 адамға 1), киім ауыстыратын кабиналар (50 адамға 1), дәретхана (75 адамға 1) көзделуі тиіс.

64. Жағажайды балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес ойын құрылғыларымен, сондай-ақ емшараларды дозалап қабылдау үшін солярийлермен, аэрарийлермен жабдықтау керек. Солярийлер мен аэрарийлерде орын саны жалпы санының (II және III климаттық аудандарында) 50 %-ынан асырмай құрауы тиіс. Аэрарийлер мен солярийлердің ауданы 1 орынға 2,5 және  $3,0 \text{ м}^2$  есебімен қабылданады.

65. Шомылу маусымы басталар алдында суды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сай келуі тиіс санитариялық-химиялық және микробиологиялық көрсеткіштер бойынша зерттеу жүргізіледі.

66. Шомылуға арналған су бетінің шекарасы ашық түсті, жақсы көрінетін қалқитын белгілермен белгіленеді.

67. Жағажайдың аумағында бірі-бірінен 40 м аспайтын қашықтықта қоқыс жинауға арналған урналар орнатылады.

68. Ашық және жабық киім ауыстыратын орындар, киім ауыстыруға арналған павильондар, киім ілетін орындар дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып,



б а с т а л а д ы :

1) күн ванналары таңғы немесе кешкі сағаттарда жағажайда, желден қорғалған арнайы алаңдарда (солярийлерде), тамақтан соң бір-бір жарым сағаттан кейін тағайындалады;

2) су рәсімдері таңертеңгі жаттығудан кейін ылғалды сүлгімен алдымен плюс 30-35<sup>0</sup>С температурада, содан соң салқын сумен плюс 10–15<sup>0</sup>С температурада сүртінуден басталады.

78. Шомылу күніне бір рет, ыстық күндері екі рет судың температурасы плюс 20<sup>0</sup>С төмен емес, ауаның температурасы плюс 23<sup>0</sup>С төмен емес кезде жүргізіледі.

## **7. Санаториялық және сауықтыру объектілерінде емдік-профилактикалық және қоғамдық тамақтануды ұйымдастыруға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар**

79. Түстену залының ауданы өзіне өзі қызмет көрсету кезінде бір орынға (тарату желісін қоспағанда) 1,8 м<sup>2</sup> (тарату желісін қоса алғанда), даяшы қызмет көрсеткен кезде 1,4 м<sup>2</sup> есебімен қабылданады. Түстену залының ауданы балаларды бір мезетте қызмет көрсету кезінде (бір ауысымда) бір орынға 1,0 м<sup>2</sup> есебімен көзделеді.

80. Ас блогын күтіп-ұстау және пайдалану, тамақты дайындаудың технологиялық регламенттері Қазақстан Республикасы Үкіметі бекіткен қоғамдық тамақтану саласындағы санитариялық талаптарға (бұдан әрі – қоғамдық тамақтану саласындағы санитариялық талаптар) сәйкес болуы тиіс.

81. Санаторийде емдік-профилактикалық тамақтанудың топтық жүйесі ұйымдастырылады.

82. Дайын тамақты беруді медицина қызметкері осы Санитариялық қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес дайын тамақтың сапасын бақылау жөніндегі журналға (бракераж) жазғаннан кейін дайын тамақтың сапасын органилептикалық бағалау жүргізуден кейін жүзеге асырады.

83. Санаторийде және БСҰ-да күн сайын аспаз дайын тағамның тәуліктік сынамасын қалдырады. Сынамалар қақпағы бар таза (қайнаған сумен өңделген) шыны ыдысқа (гарнирді бөлек ыдысқа салады) алынады және тоңазытқыштың арнайы бөлінген орнында +2<sup>0</sup>С-тан +6<sup>0</sup>С-қа дейін температурада сақталады.

84. Санаторийдің және БСҰ-ның медицина қызметкерлері ас блогына келіп түскен өнімдердің сапасын, өнімдерді сақтау және өткізу мерзімдерінің сақталу шарттарын, тәуліктік сынаманы алу мен сақтаудың дұрыстығын, персоналдың және асхана кезекшісінің жеке гигиена қағидаларын сақтауын бақылауды жүзеге асырады.

85. Ас блогының үй-жайларының құрылғысына, күтіп-ұстауға, жабдыққа, мүкәммалға ыдыс-аяққа және ыдысқа қойылатын талаптар қоғамдық тамақтану саласындағы санитариялық талаптарға сәйкес болуы тиіс.

86. Тамақ өнімдерін тасымалдау санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы бар автокөлікпен жүргізіледі. Тамақ өнімдері сақтау шарттарына қойылатын талаптар сақтала отырып тасымалданады, басқа мақсаттар үшін арнайы автокөлікті пайдалануға жол берілмейді.

Экспедитор, арнайы киіммен және жұмысқа рұқсат етілген жеке медициналық кітапшасымен қамтамасыз етіледі.

Азық-түлікке арналған ыдыс таңбаланады және мақсатына байланысты п а й д а л а н ы л а д ы .

87. БСҰ үшін бір балаға күніне азық-түліктер жиыны осы Санитариялық қағидаларға 6-қосымшаның 1-кестесінде көрсетілген.

88. Жас ерекшелігіне (жасы) байланысты балаларға арналған порцияның массасы (граммға шаққанда) осы Санитариялық қағидаларға 6-қосымшаның 2-кестесінде көрсетілген.

89. Балалар санаторийлеріндегі науқастар үшін тамақ өнімінің нормалары (бір балаға күніне граммға шаққанда) осы Санитариялық қағидаларға 6-қосымшаның 3-кестесіне сәйкес қабылдануы қажет.

90. Тез бұзылатын өнімдерді сақтау және өткізу мерзімдері осы Санитариялық қағидаларға 6-қосымшаның 4-кестесіне сәйкес қабылданады.

91. Балалар мен жасөспірімдер үшін ақуыздардың, майлардың, көмірсулардың құнарлылығы мен қолдану нормаларының ұсынылатын шамалары осы Санитариялық қағидаларға 6-қосымшаның 5-кестесіне сәйкес а й қ ы н д а л а д ы .

92. Санаторийлерде және БСҰ-да тамақ қабылдау арасында 3,5 сағаттан артық емес аралықпен балаларды бес рет тамақтандыруға жол беріледі.

Тамақ арасындағы аралыққа ас мәзіріне қымыз немесе сүт қышқылы өнімі енгізіледі. Тәуліктік рационның құнарлылығын: таңертеңгілік ас – 25%; түскі ас – 35 %, бесін ас 15 %, кешкі ас – 20 %, 5-ші тамақтандыру – 5% етіп бөледі.

93. Санаторийде және БСҰ-да 10 күндік ас мәзірі негізінде басшы бекітетін т а р а т у - а с м ә з і р і ж а с а л а д ы .

Қажетті өнімдер болмаған жағдайда оларды химиялық құрамы бойынша тепе-тең өнімдерге ауыстыру осы Санитариялық қағидаларға 6-қосымшаның 6-кестесіне сәйкес негізгі тағамдық заттар бойынша өнімдерді алмастыру кестесіне с ә й к е с ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

94. Өнімдерді салқын және жылылай өңдеу кезінде қалдықтардың нормалары осы Санитариялық қағидаларға 6-қосымшаның 7-кестесіне сәйкес қабылданады.

95. Гиповитаминоздардың алдын алу және балаларды тиімді сауықтыру

мақсатында салқындатылған сусындарды (компот) аскорбин қышқылымен (бір порцияға 0,06 – 0,07 г) жасанды витаминдеу жүргізеді. Поливитамин препараттарын (тамақ кезінде немесе тамақтан кейін күніне 1 драже), витаминделген және минералды заттармен байытылған тамақ өнімдерін пайдалануға жол беріледі.

96. Балалар мен жасөспірімдер үшін (күніне) пайдаланудың ұсынылатын шамалары осы Санитариялық қағидаларға 6-қосымшаның 8-кестесіне сәйкес қабылданады.

97. Туберкулезге қарсы және сауықтыру ұйымдарында балалар мен жасөспірімдер үшін (күніне/граммға шаққанда) пайдаланудың ұсынылатын энергиялар, белоктар және көмірсулардың шамалары осы Санитариялық қағидаларға 6-қосымшаның 9-кестесіне сәйкес қабылданады.

98. Ас блогында қақпағы бар қайнатылған таза шыны ыдысқа бір порция көлемінде дайын тамақтың тәуліктік сынамасы күн сайын алынады. Тәуліктік сынама тоңазытқышта кемінде 48 сағат плюс 2<sup>0</sup>С-тен 6<sup>0</sup>С-қа дейінгі температурада сақталады.

99. Инфекциялық және жаппай уланулардың пайда болуының және таралуының алдын алу мақсатында мыналарды:

1) банкаларының тұншалануы бұзылған консервілерді, қақпағы көтерілген консервілерді, тот басқан, пішіні өзгерген, заттаңбасы жоқ банкаларды;

2) жұмсақ ыдыста су тиген өнімдерді (ұн, жарма, қант және басқа да өнімдер);

3) қамба зиянкестерін жұқтырған, сондай-ақ механикалық қоспалармен ластанған жарманы, ұнды, құрғақ жемістерді және басқа да өнімдерді;

4) зең және шіру белгілері бар көкөністерді, жемістерді, жидектерді;

5) саңырауқұлақтарды;

6) жеңіл асқа арналған консервілерді, маринадталған көкөністер мен жемістерді;

7) үйде дайындалған өнімдерді (консервіленген саңырауқұлақтар, ет, сүт, балық және басқа да пайдалануға дайын өнімдерді) пайдалануға жол берілмейді.

1 0 0 . Тамаққа :

1) алдыңғы тамақтың қалдықтарын;

2) кремді бар кондитерлік өнімдерді, кремді, суындарды, өздері дайындаған морстарды, квасты, іркілдекті, паштеттерді, құйылған тағамдарды (еттен және балықтан), майшабақтан жасалған фаршмақты;

3) фритюрдегі бұйымдарды, қуырылған жұмыртқаны;

4) ащы тұздықтарды, қышаны, ақжелкекті, бұрышты, сірке суын, табиғи кофені, шырындар мен құрғақ концентраттар түріндегі сусындарды, майонезді;

- 5) пастерленбеген сүттен дайындалған сүтті және сүт қышқылы өнімдерін;
- 6) қан және өкпе-бауыр шұжықтарын;
- 7) қатықты және басқа да сүт қышқылы өнімдерін;
- 8) тартылған ет салынған құймақтарды және флотша дайындалған макаронды

;

- 9) суда жүзетін құстардың жұмыртқаларымен етін;
- 10) үйде дайындалған, консервіленген өнімдерді;
- 11) газдалған және алкогольсіз энергетикалық сусындарды (минералды және а у ы з с у д ы қ о с п а ғ а н д а ) ;

12) чипсилерді, кириешкилерді, гамбургерлерді, хот-догтарды, құрғақ концентраттарды гарнир ретінде пайдалануға жол берілмейді.

101. Құрамы тағамдық қоспаларды, гендік-түрлендірілген организмдерді және табиғиға сәйкестендірілген кез-келген өнімдерді (хош иістендіргіштер, шығу тегі жасанды бояғыштар, сағыз) қамтитын өнімдерді тұтынуға жол б е р і л м е й д і .

102. Туберкулезге қарсы санаторийлерде мектепке дейінгі жастағы балаларды тамақтандыруды ұйымдастыру үшін 1 балаға кемінде 2 м есебімен асхана-ойын бөлімесі; 3 ұялы жуу ваннасымен, ыдысты кептіруге арналған сөрелермен және оларды сақтауға арналған шкафтармен жабдықталған буфет бөлмесі көзделеді.

103. Жататын және нашар қозғалатын балаларға арналған санаторийде тамақтандыру тарату орны бар буфет бөлмесі, 3 ұялы жуу ваннасымен, ыдысты кептіруге арналған сөрелермен және сақтауға арналған шкафтармен жабдықталған ыдыс жууға арналған үй-жай қарастырылған секцияда жүзеге асырылады. Қажет болған жағдайда, ас блогынан тамақты беруге арналған к ө т е р г і ш ж а б д ы қ т а л а д ы .

104. Мектеп жасындағы жүретін науқастар үшін бір отыратын орынға  $1,5 \text{ м}^2$  есебімен тамақтану залы көзделеді. Түстену залдарының сыйымдылығы 60 орыннан артық емес болып көзделеді.

Түстену залының жанында 25 балаға 1 қолжуғыш, 40 балаға 1 унитаз есебімен санитариялық торап, изоляторда тарату орны мен ыдысты жууға және сақтауға арналған үй-жай көзделеді.

105. Санаторийлердің палаталы секцияларында тамақ өнімдерін, сусындарды сақтауға арналған тоңазытқыштарды орнатуға жол беріледі.

106. Персоналдың тамақтануы үшін жеке есігі, себезгі бөлмесі және дәретханасы бар арнайы зал бөлінеді.

107. Үшінші тағамдарды С-витаминдеу балаларға: 1 жастан 3 жасқа дейін 35 мг, 3 жастан 12 жасқа дейін 50 мг, 12 жастан 14 жасқа дейін 70 мг аскорбин қышқылы есебімен күн сайын жүргізіледі.

## **8. Санаториялық және сауықтыру объектілерінде медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастыруға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар**

108. Санаторийлер мен БСҰ-да медициналық қамтамасыз ету мынадай:

1) үй-жайлардың, аумақтың, шомылу және спортпен айналысу орнының дайындығын тексеруді;

2) балаларды сауықтыру ұйымын комиссиялық қабылдауға қатысуды;

3) медициналық кабинетті және изоляторды осы Санитариялық қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес болуы тиіс қажетті дәрі-дәрмектер және медициналық мақсаттағы бұйымдармен жарақтандыруды;

4) балаларды сауықтыру ұйымының әр қызметкерінің медициналық құжаттарын тексеруді;

5) балаларды қабылдау кезінде медициналық тексеруді;

6) балалардың денсаулық жағдайларын жүйелі бақылауды;

7) балаларды дене шынықтыру сабақтары үшін медициналық топтарға бөлуді, дене шынықтыру және спорт жөніндегі нұсқаушыларға балалардың денсаулық жағдайлары, спорт сабақтарының ұсынылатын режимі туралы ақпарат беруді;

8) күн сайын амбулаториялық қабылдау жүргізуді, ауырған балаларға медициналық көмек көрсетуді;

9) жазатайым оқиғалар туындаған кезде алғашқы медициналық көмек көрсетуді, жақын жердегі стационарға тасымалдауды;

10) санитариялық-эпидемияға қарсы іс-шараларды ұйымдастыруды және жүргізу арқылы инфекциялық аурулар жағдайлары туралы шұғыл хабарлама беруді;

11) балаларды тамақтандырудың ұйымдастырылуын бақылауды;

12) барлық үй-жайлар мен аумақтың, сумен жабдықтау көздерінің санитариялық жағдайын және оларды күтіп-ұстауды бақылауды;

13) балалар мен персоналдың жеке гигиена қағидаларын сақтауын, санитариялық-ағарту жұмысын жүргізуді бақылауды;

14) осы Санитариялық қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес болуы тиіс балаларды сауықтырудың тиімділігін бағалауды жүргізу іс-шараларын қамтиды.

## **9. Санаториялық объектілерде балшықпен емдеуге және физиотерапияға арналған үй-жайларды күтіп-ұстауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар**

109. Санаторийде табиғи және жасанды емдік балшықтар (бұдан әрі – емдік балшықтар) қолданылады. Емдік балшықтар оң

санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды бар болғанда пайдаланылады.

110. Санаторийде балшық кені орнынан тасымалдағаннан кейін және пайдаланғаннан соң өңделмеген балшықты өңдеу жүргізуге жол беріледі. Қайта қалпына келтірілген балшық қалпына келтіру бассейндерінде тиісті микроклиматтық жағдайларда 3-4 айдан асырмай сақталады.

111. Емшараларға дайын емдік балшықтар мынадай талаптарға сәйкес болуы тиіс :

1) диаметрі 0,25 миллиметр (бұдан әрі – мм) минералды бөліктермен ластану шоқы және шөгінді сульфидті балшықтарда 3%-дан, шымтезек және тұнба балшықтарда 2 %-дан аспайды;

2) шымтезек балшықтарындағы ыдырау дәрежесі кемінде 40 % болады;

3) тұнба және шоқы балшықтарының ығысуға кедергісі 1000-2000, шөгінді сульфидті және шымтезек балшықтарында 1500-4000 дин/см<sup>2</sup>;

4) балшықты ерітіндінің ылғалдылығы, жылу сыйымдылығы, қышқылдығы, минералдануы және сульфидтердің болуы балшықтың әр типіне арналған нормативтік құжаттамаға сәйкес шектерге сәйкес болуы тиіс;

5) табиғи және емшараларға дайындалған емдік балшықтардың нормаланатын физикалық-химиялық және токсикологиялық көрсеткіштері осы Санитариялық қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес болуы тиіс;

6) табиғи және емшараларға дайындалған емдік балшықтардың нормаланатын микробиологиялық көрсеткіштері осы Санитариялық қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес келеді.

112. Балшықтарда коккты микрофлораның (стафилококктар, стрептококктар, диплококктар), сіреспе және көк іріңді таяқшалардың және перфрингенс бациллалары вирулентті түрлерінің болуына жол берілмейді.

Пайдаланылған емдік балшық көп жылдық ұзақ қалпына келуі үшін табиғи ортаға тасталады.

113. Физиотерапия кабинеттерін орналастыру, жабдықтау, күтіп-ұстау және пайдалану Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар саласындағы санитариялық қағидаларға сәйкес болуы тиіс.

114. Сумен, балшықпен емдеуге арналған емдеу корпустарының ғимараттары жеке тұрған ғимаратта орналастырылады. Жобалық оқшаулаған кезде жапсарлас ғимаратта орналастыруға болады. Үй-жайлар киім ауыстыратын орын, санитариялық торап және себезгі бөлмесі арқылы жеке кіретін есіктері бар жеке блоктарға топтастырылады.

Балшықтарды сақтау үшін тек таза балшықты пайдалануға есептелген бірнеше бассейндерді көздеу керек.



115. Табиғи көздердің (минералды балшықтар, саз) балшығымен емдеуге арналған құралдар бір рет қолданылады. Олардың негізінде заттар (балшық маскалары және басқалары) дайындаушының қаптамасында сақталуы және заттаңбасындағы, қаптамасындағы деректерге сәйкес пайдаланылуы тиіс.

116. Фито-барлар өнімді сақтауға, ыдысты жууға, өндеуге және сақтауға арналған тиісті жағдайлар, сапасы мен қауіпсіздігі туралы құжаттар бар болғанда ұйымдастырылады. Ыдысты жуу және өндеу ыстық және суық су жүргізілген 2 секциялық жуатын орында жүргізіледі.

117. Бальнеологиялық емшараларды жүргізу үшін бөлек бальнеологиялық құрылғысы бар жеке үй-жайлар жабдықталуы тиіс. Асқазанды жуу емшараларын қызыл иекті шаюмен, ішек себезгісін ішекке минералды су мен емдік балшықтың қоспасын енгізе отырып, ішекті сифонмен жуумен біріктіруге жол берілмейді. Емшара кабинеттерінде әр кушетка (кресло) жеке кабиналарда орнатылады. Кабиналардың қабырғалары қалың мөлдір емес шыныдан немесе белгіленген тәртіппен келісілген синтетикалық материалдардан жасалады.

118. Алмалы-салмалы және адаммен жанасатын құралдарды (резеңке түтікшелер, ұштықтар, үштіктер және басқалар) жуу, қайнату, дезинфекциялау қоса берілетін нұсқаулықтарына сәйкес жүзеге асырылады және жеке үй - ж а й л а р д а жүргізіледі.

Әрбір дәретхана бөлмесінде жуатын раковина, электрлі сүлгі немесе бір рет қолданылатын сүлгі, сабын көзделеді.

119. Медициналық жабдықтың оларды қолдану саласын және белгіленген тәртіппен тағайындалуын растайтын техникалық паспорты болуы тиіс.

120. Емдік массажды жүргізуге арналған үй-жайлар: массажға және себезгіге арналған кабинеттерді қамтиды. Массажға арналған кабинеттің ең аз ауданы бір кушеткаға кемінде  $6 \text{ м}^2$  болуы тиіс. Кабинет қол жууға арналған раковинамен, қол жууға арналған құралдармен және жеке пайдаланылатын сүлгімен ж а б д ы қ т а л а д ы .

121. Емдік балшықты, суды пайдалануға, сақтауға және тасымалдауға арналған бактардың, сыйымдылықтардың, құбырлардың конструкциясы көрсеткіштердің қауіпсіздігін және тазалау, жуу және дезинфекциялау мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс.

## **10. Туберкулезге қарсы санаторийлерді күтіп-ұстауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар**

122. Туберкулезге қарсы санаторий құрылысына арналған жер учаскесі елді мекеннің табиғи аймағында, орман алқаптары мен су қоймаларына жақын тұрғын үй құрылысына дейін кемінде 1000 м, автомобиль жолдарына дейін 500 м

және бау-бақша учаскелеріне дейін 300 м қашықтықта таңдап алынады.

123. Жатын бөлмелер мен оқу корпустары және тұру аймағы учаскесінің шекарасы арасындағы санитариялық ажыраулар кемінде 50 м, санаторийдің негізгі ғимараттарынан шаруашылық аймағына дейін кемінде 100 м құрайды.

124. Санаторий саябағының аймағында балалар үшін мектепке дейінгі жастағы барлық балалар және мектеп жасындағы балалардың 40-50%-ы бір уақытта болғанда бір балаға ауданы  $7,5 \text{ м}^2$  есебімен ойын алаңдары орналастырылады. Алаңдар құм салғышпен, әткеншектермен, төбелермен, басқыштармен және басқа да ойын түрлерімен, күркелермен, отырғыштармен, үстел ойындарымен және оқуға арналған үстелдермен жабдықталады. Мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған ойын алаңдары үй-жайдан шығатын жерге тікелей жақын орналастырылады.

125. Туберкулезге қарсы санаторийдің құрылымында клиникалық-диагностикалық және бактериологиялық зертханалар және мынадай: рентгенологиялық, функционалдық диагностика, физиотерапиялық, массаж, емдік дене шынықтыру, стоматологиялық, фитотерапия кабинеттері көзделеді.

126. Туберкулезге қарсы санаторийде балалар үшін оқу үй-жайлары мен емдік дене шынықтыру сабақтарына арналған спорт залдары көзделеді.

127. Жатын үй-жайлар әрқайсысы сыйымдылығы 30 төсектен аспайтын оқшауланған палаталы секциялардан тұрады. Бір қабатта екі секциядан артық орналастырылмайды. Әр секцияның құрамында ауданы кемінде  $15 \text{ м}^2$  ойын алаңы; бір орынға  $0,6 \text{ м}^2$  есебімен кептіру шкафтары бар киім ілетін орын жобаланады. Екі секцияға бір орынға кемінде  $0,1 \text{ м}^2$  есебімен киім үтіктеуге және тазалауға арналған бөлме; 1 орынға  $0,2 \text{ м}^2$  есебімен балалардың заттарын сақтауға арналған үй-жай көзделеді. Жатын үй-жайлар мен изолятор қатты төсегі бар кереуетпен жабдыкталуы тиіс.

128. Мектепке дейінгі балалар үшін палаталы секциялардың құрамына мыналар кіреді: бір балаға ауданы  $4,0 \text{ м}^2$  жатын бөлме, асхана-ойын бөлмесі, дәретхана, киім ауыстыратын орын және буфет. Киім ауыстыратын орындарда киім мен аяқ киімге арналған кептіру шкафтары көзделеді. Мектеп оқушылары палаталарының ауданы 1 орынға  $6 \text{ м}^2$  есебімен және сыйымдылығы 5 орыннан артық емес болып қабылданады. Әр секцияда 3 орыннан 2-3 палата көзделеді.

129. Мектепке дейінгі балаларға арналған бөлімшелерде санитариялық тораптар әр секция үшін жеке орнатылады. Санитариялық тораптар: ваннамен, себезгімен, екі қолжуғышпен және аяқ жууға арналған екі жуғышпен, унитаздармен, тостағандарға арналған жуғыштармен және сөре-стеллаждармен, сүлгілер мен жуынатын құралдарды сақтауға арналған ашық шкафтармен

жабдықталады. 5 жастан үлкен балалар үшін ұл балалар мен қыз балаларға арналған үшін бөлек дәретханалар көзделеді.

130. Мектеп оқушыларына арналған санитариялық тораптар бір секцияға жабдықталады және ол мыналарды қамтиды: 5 адамға 1 қолжуғыш есебімен қолжуғыштар, 15 адамға аяқ жууға арналған 2 жуғыш, 15 адамға арналған 2 унитазы бар дәретхана, 15 ұл балаға 1 унитаз және 1 писсуар; 15 адамға 1 себезгі есебімен себезгі кабиналары; иілгіш шлангісі бар табандықпен, 15 қыз балаға 2 раковина есебімен қолжуғышпен жабдықталған қыздардың гигиенасы кабинеттері.

131. Әр палаталы секцияда шлюзде қолжуғышы бар, персоналға арналған санитариялық торап және ауданы кемінде  $6 \text{ м}^2$  санитариялық бөлме көзделеді. Санитариялық бөлме құйылыс тесігі мен қолжуғышпен, жататын балалар бар санаторийде дәрет ыдысын өндеуге арналған қондырғы жабдықталады.

132. Бактериологиялық зертхананы, зиянды заттарды бөлуге байланысты емшараларды өткізуге арналған үй-жайларды бір корпуста жатын үй-жайларды орналастыруға жол берілмейді.

133. Барлық үй-жайларды күн сайын ылғалды жинау және апта сайын күрделі жинау кейіннен жатын бөлмелердегі ауаны ультракүлгін шамдармен сәулелендіру арқылы жуу және дезинфекциялау құралдарын пайдалана отырып жүргізіледі.

Дезинфекциялау құралдары балалардың қолы жетпейтін жерде күңгірт ыдыста сақталады.

Жылына бір рет төсек жабдығын камералық зарарсыздандыру жүргізіледі.

134. Жаңадан сатып алынған ойыншықтардың сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжаттары болуы тиіс.

Пайдаланылған ойыншықтарды күн сайын жұмыс күнінің соңында 2% сабынды-содалы ерітіндіні пайдалана отырып жуады, ағып тұрған судың астында шаяды және кептіреді. Қуыршақтың киімдерін ластануына байланысты жуады және үтіктейді. Ойыншықтарды жууға арналған ыдыс пен щетка таңбаланады.

Жұмсақ ойыншықтарды пайдаланғаннан кейін күннің соңында ойыншықтан 25 см қашықтықта бактерицидті сәулелендіргіштермен 30 минут бойы дезинфекциялайды.

135. Жуынатын, себезгі (ванна бөлмелерінде), кір жуатын бөлмелерде, дәретханаларда қабырғалары, есіктің тұтқалары күн сайын ыстық сумен жуу құралдарын пайдалана отырып жуылады, едені ластануына қарай күніне кемінде 3 рет жуылады.

Унитаздар жуу құралдарын пайдалана отырып щеткамен, күніне 2 рет, дезинфекциялау құралдарын пайдалана отырып айына екі реттен сиретпей

жуылады. Әр санитариялық торапқа кемінде 6 щетка бөлінеді. Таза және пайдаланылған щеткалар таңбаланған ыдыста бөлек сақталады.

136. Жинау мүкәммалы таңбаланады, жеке үй-жайларға бекітіледі, дезинфекциялау және жуудан кейін арнайы осы мақсатқа бөлінген үй-жайда, шкафтарда немесе қабырға сөрелерінде бөлек сақталады.

Жөкелер мен шүберектер ыдысты, ас үй мүкәммалын және үстелдерді жуғаннан кейін 15 минут бойы қайнатылады, кептіріледі және арнайы бөлінген орында сақталады.

## **11. Туберкулезге қарсы санаторийде балалардың тұру жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар**

137. Күн режимі әртүрлі жастағы балалар үшін жеке құрылады және: сақтайтын, сергітетін (аяп жаттықтыратын) және жаттықтыратын (жалпы) түрлерін қарастырады.

Сақтайтын режим санаторий жағдайларына үйренудің алғашқы 5-10 күніне қозғалу белсенділігін шектеу және осы кезеңде инфекция ошақтарын тазарту және тексеру арқылы тағайындалады (баланың денсаулық жағдайына және жасына байланысты).

Үйрену кезеңі қолайлы өткен жағдайда баланы дене жүктемесінің қарқындылығын біртіндеп көбейтіп, физиотерапия және басқа да сауықтыру тәсілдерін жүргізе отырып сергітетін режимге ауыстырады.

Организмнің реактивтілігінің қалпына келуіне қарай жаттықтыратын режим (жалпы) тағайындалады.

138. Санаторий мектебіндегі оқу сабақтары түске дейін, емдеу рәсімдерінің негізгі кешені оқу сабақтарынан кейін жүргізіледі.

Санаторийдегі оқу жүктемесі күніне 35 минуттан 4-тен аспайтын сабақты қамтиды, сабақтар арасындағы үзіліс 10 минут, екінші сабақтан кейін балалар ауада 35 минут болады. Үлкен үзілісті дене шынықтыру сабақтары ретінде пайдалануға жол беріледі. Мәдени-көпшілік іс-шараларды және үйірме сабақтарын күніне 1,5 сағаттан асырмай жүргізу ұсынылады.

139. Жаз мезгілінде балалармен өткізілетін барлық тәрбие, мәдени-көпшілік және дене шынықтыру-спорттық іс-шаралар ашық ауада жүргізіледі.

## **12. Туберкулезге қарсы санаторий персоналының еңбек жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар**

140. Туберкулезге қарсы санаторийге жұмысқа қабылдау алдында қызметкер туберкулезбен ауыратын науқастармен жұмыс режимі бойынша дайындықтан және аттестаттаудан және флюорографиялық тексеруден өтеді. Одан әрі

флюорографиялық тексеру жыл сайын жүргізіледі.

141. Персонал арнайы киіммен (медициналық халат, қалпақ) және полипропилен және полиуретан төсеммен сүзгі материалы бар арнайы респираторлармен қамтамасыз етіледі.

142. Туберкулездің таралу мүмкіндігі жоғары үй-жайларда (зертхана, емшара, таңып-байлау бөлмелері) бактерицидті шамдар орнатылады. Олардың жұмысының тиімділігін тексеру жылына екі рет жүзеге асырылады.

143. Туберкулезге қарсы санаторийдегі науқастарға балалардың және жасөспірімдердің келуіне жол берілмейді.

144. Туберкулезге қарсы санаторийде қорытынды дезинфекция жылына 2 рет және барлық қайта бейіндеу, көшу, қайта жаңарту, жөндеу жағдайларында жүргізіледі.

Туберкулезге қарсы санаторийде профилактикалық мақсатта жылына бір рет төсек-орын жабдықтарын камералық зарарсыздандыру жүргізіледі.

«Санаториялық және сауықтыру объектілеріне қойылатын

санитариялық-эпидемиологиялық

талаптар»

санитариялық

қағидаларына

1-қосымша

## Санаторийлер мен сауықтыру ұйымдарындағы дене

### шынықтыру-сауықтыру құрылыстарының құрамы, саны мен ауданы

	Санаторийдің, балаларды сауықтыру объектісінің дене шынықтыру-сауықтыру құрылыстарына арналған учаскенің жалпы ауданының сыйымдылығы мынадай болғанда даналап м2 арналған дене шынықтыру-сауықтыру құрылыстарының саны мен ауданы							
	120/ 2400	160/ 3200	240/ 4800	360/ 7200	400/ 8000	480/ 9600	560/ 11200	800/ 16000
Міндетті								
Волейболға арналған алаң	1/360	1/360	1/360	2/720	2/720	2/720	3/1080	4/1440
Бадминтонға арналған алаң	1/120	1/120	2/240	3/360	4/480	4/480	5/560	6/720
Үстел теннисіне арналған алаң	1/72	1/72	2/144	3/360	4/288	4/288	5/360	6/432
Биіктікке секіруге арналған алаң	1/493	1/493	1/493	1/493	1/493	-	-	1/493
Ұзындыққа секіруге арналған алаң	1/121	1/121	1/121	1/121	1/121	-	-	1/121
Жүгіруге арналған түзу жол	1/650	1/650	1/650	1/650	1/650	-	-	1/650

Жеңіл атлетикаға арналған алаң	-	-	1/3000	1/3000	-	-	-	-
Денсаулық жолы	1/600	1/600	1/800	1/1000	1/1000	1/1000	2/1200	2/1200
Жиыны	6/1816	6/1816	8/2008	13/2725	13/2725	3/4488	14/5040	19/3956
<b>Қосымшалары</b>								
Спорт ойындарының түрлеріне арналған алаң (құрамдас)	-	1/1032	1/1032	1/1032	-	-	-	-
Волейбол және баскетболға арналған алаң (құрамдас)	-	-	1/658	-	2/1116	-	-	-
Спорт ойындары және ядро лақтыруға арналған алаң	-	-	1/1032	1/1032	1/1032	-	-	-
Жеңіл атлетика ядросы алаңы мен жүгіру жолы				1/8500				
Футбол алаңы	1/2400	1/2400	1/2400	-	-	-	-	-
Оқу қабырғасы бар теннис корты	-	-	1/840	1/840		-	-	-
Теннис спорты	-	1/648	1/648	1/648	1/648	1/648	-	-
Роликті конькимен және тактаймен сырғанауға арналған алаң	-	1/400	1/400	1/400	1/400	2/800	2/800	-
<b>ЖИЫНЫ:</b>	1/2400	1/2400	2/2800	4/4844	4/5305	4/5305	5/5897	7/11904

«Санаториялық және сауықтыру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына 2-қосымша

### **Балаларды сауықтыру ұйымына баратын оқушыға арналған медициналық алмастыру анықтамасы (қартасы)**

1. Тегі, аты, әкесінің аты \_\_\_\_\_ жасы \_\_\_\_\_
2. Үй мекенжайы, телефоны.
3. мектеп №, сынып, емхана №.
4. Денсаулық жағдайы (егер №030/е нысаны бойынша есепте тұрған болса, диагнозын көрсету), оның ішінде аллергиялық реакциялардың бар-жоғы.
5. Бұрын ауырып жазылған инфекциялық аурулар (қызылша, скарлатина, көкжөтел, эпидемиялық паротит, вирустық гепатит (А,В,С), желшешек, дизентерия, басқа да инфекциялық аурулар).

6. № 63 «Профилактикалық егулер картасы» нысанынан үзінді көшірме.
7. Дене бітімінің дамуы.
8. Дене шынықтыру тобы.
9. Ұсынылатын режим.
10. Инфекциялық аурумен ауыратын науқастармен байланыстың болмауы.
11. Анықтама берілген күні, емхана дәрігерінің қолы.
- Екінші бөлімді балаларды сауықтыру ұйымының дәрігері толтырады.
1. Балаларды сауықтыру ұйымына келген кездегі денсаулық жағдайы және бұрын ауырған аурулары.
2. Инфекциялық аурулармен ауыратын науқастармен байланыс.
3. Балаларды сауықтыру ұйымына келген кездегі бұрын ауырған ауруларының диагнозы және профилактикалық егулерді алуы.
4. Балаларды сауықтыру ұйымындағы сауығудың тиімділігі. Жалпы жағдайы.
5. Келген кездегі, шығарылған кездегі салмағы.
6. Динамометрия.
7. Спирометрия.
8. Толтырылған күні.
9. Балаларды сауықтыру ұйымы дәрігерінің қолы.
10. Анықтама тұрғылықты мекенжайы бойынша медициналық ұйымға қайтарылуы тиіс.
- «Санаториялық және сауықтыру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына
- 3-қосымша

### Үй-жайларды жасанды жарықтандыруға қойылатын талаптар

Үй-жайлардың атауы	Жарықтандыру (лк-пен)		Жарықтандыру нормаларына қатысты беті
	Люминисцентті шамдар кезінде	Қыздыру шамдары кезінде	
Ойын бөлмелері және үйірмелерге арналған бөлмелер	300	150	үстелдің жұмыс бетінде
Жатын бөлмелер	75	30	еденнен 0,5 м деңгейде
Дене шынықтыру залы	200	100	еден
Рекреациялар	150	75	еден

«Санаториялық және сауықтыру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына

## Балаларды сауықтыру объектілеріндегі күн режимі

### 1-кесте

Күн режимі элементтері	6-9 жастағы балалар үшін	10-14 жастағы балалар үшін
Ұйқыдан тұру	8.00-8.10	8.00-8.10
Таңертеңгілік гимнастика	8.10-8.30	8.10-8.30
Су емшаралары	8.30-8.50	8.30-8.50
Таңертеңгі жиын	8.50-9.00	8.50-9.00
Таңғы ас	9.00-9.30	9.00-9.30
Секциялардағы және үйірмелердегі сабақтар	9.30-11.10	9.30-11.10
Сауықтыруға арналған гигиеналық емшаралар (ауа, күн ванналары, себезгі, суға шомылу), жүзуді үйрету	11.10-12.30	11.10-12.30
Бос уақыт	12.30-13.30	12.30-13.30
Түскі ас	13.30-14.30	13.30-14.30
Түскі астан кейінгі күндізгі демалыс	14.30-16.00	14.30-16.00
Бесін асы	16.00-16.30	16.00-16.30
Үйірмелердегі, спорт секцияларындағы сабақтар	16.30-18.30	16.30-18.30
Бос уақыт, тыныш ойындар, жеке кітап оқу	18.30-19.00	18.30-19.00
Кешкі ас	19.00-20.00	19.00-20.00
Кештер, алаулар, отрядтағы іс-шаралар, жиын	20.00-20.30	20.00-21.30 21.30-21.45
Кешкі тазалық	20.30-21.00	21.45-22.00
Ұйқы	21.00-8.00	22.00-8.00

## Санаторийдегі күн режимі

### 2-кесте

Қызмет түрлері	Оқушылардың жас ерекшелігіне байланысты уақыт өткізуі	
	6-10 жас	11-14 жас
Тұру, температураны өлшеу, дәрілерді тарату	7.00-7.30	7.00-7.30
Таңертеңгі жаттығу, су емшаралары	7.30-8.00	7.30-8.00
Таңғы ас	8.00-8.30	8.00-8.30
Серуендеу (ауа және күн ванналары, суға шомылу, басқа да шынықтыратын іс-шаралар)	8.30-10.30	8.30-10.30
Екінші таңғы ас	10.30-11.00	10.30-11.00
Емдеу шаралары	11.00-13.00	11.00-13.00
Түскі ас	13.00-14.00	13.00-14.00



Күндізгі ұйқы	14.00-16.00	14.00-16.00
Температураны өлшеу, дәрілерді тарату	16.00-16.15	16.00-16.15
Бесін ас	16.15-16.30	16.15-16.30
Серуендеу, үйірмелердегі және секциялардағы сабақтар	16.30-18.00	16.30-18.00
Кешкі ас	18.00-19.00	18.00-19.00
Бос уақыт	19.00-19.30	19.00-19.30
Ұйқы алдындағы серуен, тыныш ойындар	19.30-20.00	19.30-20.00
Екінші кешкі ас	20.00-21.00	20.00-21.00
Ұйқыға дайындық, дәрілерді тарату, су емшаралары	21.00-21.30	21.00-22.00
Ұйқыға кету	21.30	22.00

## Оқу жылы кезеңінде санаторийдегі күн режимі

### 3-кесте

Қызмет түрлері	Оқушылардың жасына байланысты уақыт өткізуі	
	6-10 жас	11-14 жас
Ұйқыдан тұру, температураны өлшеу, дәрілерді тарату	7.00-7.30	7.00-7.30
Танертеңгі жаттығу, жуыну, шынықтыру іс-шаралары	7.30-8.00	7.30-8.00
Таңғы ас	8.00-8.30	8.00-8.30
Оқу сабақтары	8.30-9.50	8.30-9.50
Үлкен үзіліс (қозғалыс-ауада белсенді)	9.50-10.25	9.50-10.25
Оқу сабақтары	10.20-11.00	10.25-11.45
Ем шаралар, ванналар	11.00-12.30	12.00-13.00
Түскі ас	12.30.-13.00	13.00-13.30
Күндізгі ұйқы	13.00-15.00	14.00-16.00
Температураны өлшеу, дәрілерді тарату	15.00-15.30	15.00-15.30
Бесін асы	15.30-16.00	15.30-16.00
Ем шаралар	16.00-17.00	16.00-17.30
Серуендеу, үйірмелердегі және секциялардағы сабақтары	17.00-18.30	17.30-18.30
Кешкі ас	18.30-19.00	18.30-19.00
Ұйқы алдындағы серуен, тыныш ойындар, бос уақыт	19.00-20.00	19.00-20.30
Екінші кешкі ас	20.00-20.30	20.30-21.00
Ұйқыға дайындық, дәрілерді тарату, су емшаралары	20.30-21.00	21.00-21.30
Ұйқыға кету	21.00	21.30

«Санаториялық  
объектілеріне  
санитариялық-эпидемиологиялық  
талаптар»

және

сауықтыру  
қойылатын

қағидаларына

санитариялық

5-қосымша

## Дайын тамақтың сапасын бақылау журналы (бракераж)

Тамақтың дайындалу күні және сағаты	Бракеражды алу уақыты	Тамақтың, аспаздық өнімнің атауы	Тамақтың, аспаздық өнімнің дайындық дәрежесі және органолептикалық бағалау нәтижелері	Тамақты, аспаздық өнімді өткізуге рұқсат ету	Жауапты адамның қолы	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7

Ескертпе: 7-бағанда дайын өнімді өткізуге тыйым салу фактілері көрсетіледі «Санаториялық және сауықтыру объектілеріне және сауықтыру қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына б-қосымша санитариялық

## Сауықтыру ұйымдары үшін күніне 1 балаға арналған азық-түліктің жиыны

1-кесте

Азық-түліктердің атауы	Азық-түліктердің граммға шаққандағы мөлшері
1	2
сүт	500
жартылай майлы сүзбе	40
қаймақ	10
ірімшік	10
ет	160
балық	60
жұмыртқа	1 шт.
қара бидай наны	100
бидай наны (оның ішінде тоқаштар)	250
бидай ұны	10
макарон бұйымдары	20
жармалар	45

бұршақтар	10
қант және кондитерлік бұйымдар	70
картоп ұны	8
ашытқы	2
сары май	45
өсімдік майы	15
картоп	350
көкөніс	400
жана піскен	100
құрғақ жеміс-жидектер	15
шай	0,2
кофе	2,5
тұз	6
қоспалар	1

**Балаларға жасына (жылмен) қарай ұсынылатын порцияның массасы (граммға шаққанда)**

**2-кесте**

Тамақтану, тағам	Порцияның массасы	
	6-11 жас	12-18 жас
Таңғы ас		
Ботқа немесе көкөністен жасалған тамақ	300	300-400
Кофе (шай, какао)	200	200
Түскі ас		
Салат	60-80	100-150
Сорпа	300-400	400-450
Ет, котлет	100-120	100-120
Гарнир	150-200	180-230
Компот және басқа да сусындар	200	200
Бесін ас		
Айран	200	200
Печенье (пісірілген нан)	40/100	40/100
Жеміс-жидектер	100	100
Кешкі ас		
Көкөністен жасалған тағам, ботқа	300	400
Шай және басқа да сусындар	200	200
Бір күнге арналған нан:		
Бидай наны	150	200
Қара бидай наны	100	150

## Балалар санаторийлеріндегі науқас балаларға арналған тамақ өнімінің нормалары (бір балаға күніне граммға шаққанда)

3-кесте

Азық-түліктер атауы	Балалардың жас топтары		
	1-3 жас	3-7 жас	7-14 жас
1	2	3	4
Бидай наны	100	100	150
Қара бидай наны	50	100	100
Бидай ұны	40	50	80
Картоп ұны	2	5	5
Жарма, макарон бұйымдары, бұршақ	30	60	75
Картоп	180	300	400
Көкөністер, аскөк	200	300	300
Жаңа піскен жеміс-жидектер	100	100	100
Құрғақ жеміс-жидектер	5	10	10
Қант және кондитерлік бұйымдар	100	100	100
Ет, құс еті	100	150	200
Балық	20	50	60
Шұжық бұйымдары	5	10	20
Сүт	500	500	500
Қаймақ	20	20	30
Сүзбе (майлы)	50	50	60
Сары май	40	50	60
Майшабақ және уылдырық	3	6	10
Жұмыртқа (түйір)	1	1	1
Ірімшік (майлылығы 40%)	5	10	10
Шай	0,5	0,5	0,5
Дәнді кофе	2	2	4
Какао	0,5	0,5	1
Өсімдік майы	-	5	10
Тұз және қоспалар	1	1	1

## Аса тез бұзылатын өнімдерді сақтау және өткізу мерзімдері

4-кесте

	Азық-түліктің атауы	+2 – 6 аспайтын температурада сақтау және өткізу мерзімдері, сағ.
1	2	3
1	Ірі кесек еттің жартылай фабрикаттары	48

2	Мұздатылған бауыр	48
3	Салқындатылған бауыр	24
4	Салқындатылған құс, қоян еті	48
5	Мұздатылған құс, қоян еті	72
6	Пісірілген шұжықтар:	
	жоғары сұрыптағы	72
	бірінші сұрыптағы	48
7	Жоғары, бірінші және екінші сұрыптағы еттен жасалған сосискалар, қысқа шұжықтар	48
8	Пастерленген сүт, қаймақтар, ацидофилин	36
9	Айран	36
10	Майлы, майсыз, диеталық сүзбе	36
11	Қаймақ	72
12	Ірімшік-сүзбе бұйымдары	0 - 2 <sup>0</sup> температура кезінде 36
13	Қораптардағы қаймақтан жасалған ірімшіктер	
	полистиролдан және басқа да полимерлік материалдардан жасалған қораптағы тәтті және жеміс-жидектен жасалған ірімшік	48
	ащы	72
14	Салқындатылған балықтың барлық түрлері	0 - 2 <sup>0</sup> температура кезінде 48
15	Мұздатылған балықтың және балық тауарларының барлық түрлері	0 - 2 <sup>0</sup> температура кезінде 48
16	Пісірілген тазартылмаған көкөністер	6
17	Салқындатылған ет фаршы	0 - 2 <sup>0</sup> температура кезінде 12
18	Салқындатылған шикі бауыр	0 - 2 <sup>0</sup> температура кезінде 12
19	Өлшеп-оралған сары май	10 суток
20	Картоп, сәбіз, қызылша, тазартылған шикі көк жуа	12

## **Ақуыздарды, майларды, көмірсуларды қолдану нормалары мен құнарлылығының шамалары (грамм /күніне)**

5-кесте

№	Жасы, жыл	Энергетикалық құндылығы (килокалорий)	( Ақуыздар	Майлар	Көмірсулар
1	2	3	4	5	6
1	6 жас	2000	69	67	285
2	6 жастан 10 жасқа дейін	2350	77	79	335
3	11 жастан 13 жасқа дейін	2750/2500	90/82	92/84	390/355

4	14 жастан 18 жасқа дейін	3000/2600	98/90	100/90	425/360
---	--------------------------	-----------	-------	--------	---------

Ескертпе: бөлшек арқылы ер балалардың (алымы), қыз балалардың (бөлімі) қажеттілігі ккал-мен көрсетілген.

## Өнімдерді негізгі тағамдық заттар бойынша алмастыру

6-кесте

Өнім	Граммға шаққандағы салмағы	Алмастыратын өнім	Граммға шаққандағы салмағы	қосу (+); алып тастау (-) гр
сиыр еті	100,0	қоян еті	98,0	сары май (-) 6,8
		II санаттағы қой еті	97,0	сары май (-) 2,1
		түйе еті	107,0	сары май (-) 3,6
		I санаттағы жылқы еті	104,0	сары май (-) 4
		Бұлан еті	95,0	сары май (+) 6,5
		I санаттағы бұғы еті	104,0	сары май (-) 2,2
		сиырдың бауыры	116,0	сары май (+) 4,1
		2 санаттағы тауық еті	97,0	сары май (-) 1,8
		жұмыртқа ұнтағы	45,0	сары май (+) 11,9
		нәлім балығы	115,0	сары май (+) 7,6
		жартылай майлы сүзбе	121,0	сары май (-) 4,7 қант (-) 1,6
		ет консервілері	120,0	сары май (-) 18,1
Қаймағы алынбаған сүт	100,0	құрғақ сүт	11,0	сары май (+) 0,6 қант (+) 0,4
		қойытылған стерилденген сүт	40,0	қант (+) 1,0
		қанты бар қойытылған сүт	39,0	қант (-) 17,4
		құрғақ қаймақ	12,0	сары май (-) 2,3 қант (+) 1,6
		қанты бар қойытылған қаймақ	36,0	сары май (-) 4,1 қант (-) 11,7
		жартылай майлы сүзбе	17,0	сары май (+) 2,0 қант (+) 4,5
		сиыр еті	14,0	сары май (+) 2,7 қант (+) 4,7
		нәлім балығы	16,0	сары май (+) 3,7 қант (+) 4,7
		Ірімшік (пошехондық)	11,0	сары май (+) 0,4 қант (+) 4,7
		тауық жұмыртқасы	22,0	сары май (+) 0,8 қант (+) 4,6
		жұмыртқа ұнтағы	6,0	сары май (+) 1,2 қант (+) 4,3

Жартылай майлы сүзбе	100,0	сиыр еті	83,0	сары май (+) 3,9 қант (+) 1,3
		нәлім балығы	95,0	сары май (+) 10,2 қант (+) 1,3
Тауық жұмыртқасы	41,0	жартылай майлы сүзбе	31,0	сары май (+) 2,3
		сиыр еті	26,0	сары май (+) 3,5
		нәлім балығы	30,0	сары май (+) 5,4 қант (+) 0,3
		қаймағы алынбаған сүт	186,0	сары май (-) 1,5 қант (-) 8,4
		ірімшік (пошехондық)	20,0	сары май (-) 0,7 қант (+) 0,3
		жұмыртқа ұнтағы	11,5	сары май (+) 6,5 қант (-) 0,5
Нәлім балығы	100,0	сиыр еті	87,0	сары май (-) 1,5
		жартылай майлы сүзбе	105,0	сары май (-) 10,8 қант (-) 2,8
		жұмыртқа ұнтағы	39,0	сары май (-) 16,8 қант (-) 2,8

## Өнімдерді салқынмен және жылумен өңдеу кезіндегі қалдықтар нормалары

### 7-кесте

Өнімнің атауы	Қалдық пайыз	
	Салқынмен өңдеу кезінде	Жылумен өңдеу кезінде
1	2	3
Ет (сиыр еті)	30,5	
Пісірілген ет		38
Бұқтырылып пісірілген ет		40
(ұсақ тілімдер: азу, гуляш, қуырылған ет, бефстроганов)		37
Қуырылған котлеттер, битоктар, шницельдер		19
Қуырылған және бұқтырылған тефтелилер		15
Турама және қуырылған зразалар		15
Қуырылған және жұмыртқа қосылған рулет		12
Тауық	25	
Піскен тауық еті	7	28
Бұқтырылған және қуырылған бауыр		28
Хек балығы	41	
Суға пісірілген хек балығы		18
Қуырылған хек балығы		18
Хек балығының сүбесі (сүйексіз, терісі алынбаған)	52	

Қуырылған хек балығының сүбесі		20
Бөктірілген хек балығының сүбесі		18
Пісірілген нәлім балығы	43	18
Қуырылған нәлім балығы		20
Нәлім балығының сүбесі (сүйексіз, терісі алынбаған)	54	
Қуырылған нәлім балығының сүбесі		20
Бөктірілген нәлім балығының сүбесі		18
Сосискалар		2,5
Пісірілген шұжық		3
Жартылай қақталған шұжық	2	
Ірімшік	2	
Сүзбе	1	
Аршылған картоп	40	3
Жас картоп	20	6
Қуырылған картоп		31
Қабығымен піскен картопты кейіннен қабығынан тазалау		43
Аршылған шикі сәбіз	25	
Қуырылған сәбіз		32
Қабығымен піскен сәбізді кейіннен тазалау		25
Піскен немесе ұзынша немесе текше түрінде өткізілген сәбіз		8
Шикі қызылша	25	
Қабығы аршылып пісірілген қызылша		27
Аққаданды орамжапырақ	1	
Аршылған жас орамжапырақ	20	
Бұқтырылған орамжапырақ		21
Пияз	16	
Көжелерге дайындалып қуырылған пияз		20
Тұздық және екінші тағамға берілетін ас үшін әзірленген пияз		50
Көк пияз	20	
Аршылмаған жас қияр	5	
Аршылған жас қияр	20	
Қызанақтар (жас томаттар)	15	
Сабақты қызыл шалғам	37	
Сабағы бар қызыл шалғам	25	
Салат	28	
Консервіленген жасыл бұршақ	33	
Бұқтыру кезіндегі кәді	33	22
Қарбыздар	10	
Өзегі алынған алма	12	
Өзегі алынған алмұрт	10	
Өрік	14	
Шабдалы	10	



Жас қара өрік	10	
Сабағы алынбаған шие	5	
Сабағы алынған шие	2	
Жүзім	4	
Қызыл қарақат	6	

## Балалар мен жасөспірімдердің витаминдерді пайдалану шамалары (күніне )

### 8-кесте

8-кесте Жасы	Витаминдер									
	Тиамин В1 (мг)	Рибофлавин В2 (мг)	В6 (мг) витамині	В1 (мг) витамині	Фолацин (мкг)	Ниацин РР (мг)	Аскорбин қышқылы (мг)	А ( ретинол экв. мкг) витамині	Е (МЕ) витамині	Д (МЕ) витамині
1-3 жас	0,8	0,9	0,9	1	100	10	45	450	7	400
4-6 жас	1,0	1,3	1,3	1,5	200	12	50	500	10	100
7-10 жас	1,4	1,6	1,6	2	200	15	60	700	10	100
11-13 жастағы ер балалар	1,6	1,9	1,9	3	200	18	70	1000	12	100
11-13 жастағы қыз балалар	1,5	1,7	1,7	3	200	16	50	1000	10	100
14 жастағы ер балалар	1,7	2,0	2,0	3	200	19	75	1000	15	100
14 жастағы қыз балалар	1,6	1,8	1,8	3	200	17	65	1000	12	100

## Балалар үшін энергияны, ақуыздар, майлар мен көмірсуларды қолдану шамалары (туберкулезге қарсы ұйымдарда) (күніне /граммен)

### 9-кесте

Атауы	Өлшем бірлігі	Ақуыздар	Майлар	Көмірсулар	Ккал
Жармалар	0,50	6,0	1,4	34,6	167,0
Ет	0,200	37,8	24,8	-	374,0
Ірімшік	0,15	4,02	4,09	-	54,1
Майшабақ	0,20	2,94	10,6	-	21,4
Тұз	0,10	-	-	-	-
Томат	0,20	0,72	-	2,36	12,6

Шырындар	100	0,5	-	14,0	56,0
Қымыз	200	3,8	2,0	5,0	84,0
Қаймақ	0,50	1,4	10,0	1,8	102,0
Өсімдік майы	0,10	-	9,9	-	89,9
Малдың майы	0,10	0,06	8,25	0,09	74,8
Майонез	0,30	0,9	20,10	1	188,1
Шұжық	0,100	1,21	1,35	-	17,0

«Санаториялық және сауықтыру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына 7-қосымша

### 100 балаға (бір ауысымға) шаққандағы дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың тізімі

Атауы	Саны
1	2
Медициналық стерилденген және стерилденбеген дәке бинттер	50 дана
Медициналық стерилденген және стерилденбеген дәкеден жасалған сулықтар (10 см x 16 см)	10 қаптама
Медициналық дәке	10 метр
Тұрмыстық ақ мақта	500 грамм
Медициналық лейкопластырь (2 см x 5 см)	2 шарғы
Бактерицидті лейкопластырь	20 дана
Әмбебап шиналар	2 дана
Қан тоқтатуға арналған білем	2 дана
2 грамдық бір рет пайдаланатын шприц	15 дана
5 грамдық бір рет пайдаланатын шприц	15 дана
10 грамдық бір рет пайдаланатын шприц	5 дана
Бір рет пайдаланатын қан құю жүйесі	5 дана
Дәрі қабылдауға арналған стакан	5 дана
Медициналық термометр	10 дана
10% глюкоза ерітіндісі	10 ампула
4% натрий бикарбонаты	10 ампула
3% преднизалон	10 ампула
2,4 % эуфиллин ерітіндісі	10 ампула
200 миллиграмм Рингера ерітіндісі	1 құты
200 миллиграмм «Трисоль» ерітіндісі	1 құты
2% супрастин ерітіндісі	10 ампула
1% гауһар жасыл ерітіндісі	20 құты

5% йодтың спиртті ерітіндісі (құтыларда)	20 құты
3% сутегі тотығы ерітіндісі	300 грамм
Калий перманганаты (кристаллдар)	10 грамм
Қос көмір қышқылды сода (асханалық)	100 грамм
Валериана тұндырмасы	25 мл
Кордиамин (тамшы)	20 мл
Аммиак ерітіндісі	100 мл
10% 1,0 кофеин-бензоат натрийі (ампулаларда)	5 ампула
Кордиамин 1,0 (ампулаларда)	3 ампула
Адреналин гидротартраты 0,18% 1мл (ампулаларда)	5 ампула
0,5 % 5 мл новокаин ерітіндісі (ампулаларда)	10 ампула
10% хлорлы кальций	300 грамм
№ 10 белсендірілген көмір	3 қаптама
Бальзамдалған линимент (Вишневский бойынша)	50 грамм
0,25% оксолин жақпа майы	10 грамм
Тетрациклин жақпа майы (көзге арналған)	10 грамм
10% Синтомицин линименті	50 грамм
0,5 № 10 Анальгин (таблеткада)	2 қаптама
0,5 № 10 Димедрол (таблеткада)	3 қаптама
№ 10 Валидол (таблеткада)	1 қаптама
Жөтелге қарсы таблеткалар	2 қаптама
Стрептоцид (таблеткада)	2 қаптама
0,25 Эритромицин (таблеткада)	1 қаптама
0,2 Парацетамол (таблеткада)	20 қаптама
Регидрон	20 пакет
Смекта	20 пакет
0,2 Имодиум (таблеткада)	1 қаптама
20% натрий сульфациді, тамшылату түтігі	5 дана
Бисептол 120 (таблеткада)	10 қаптама
Бір қаптамада 10 дана қыша қағазы	5 қаптама
Қан сарысуы: 1) сіреспе анатоксині (ампулада)	5 қаптама
2) дифтерияға қарсы 10 000 АЕ (ампулада)	2 қаптама
Дезинфекциялау хлорамин	құралдары : 500 грамм

«Санаториялық  
объектілеріне  
санитариялық-эпидемиологиялық  
талаптар»  
қағидаларына  
8-қосымша

және

сауықтыру  
қойылатын  
санитариялық

## Балаларды сауықтыру объектілерінің жағдайларында балаларды сауықтыру тиімділігін бағалау

1. Балаларды сауықтыру тиімділігін бағалау екі медициналық тексеріп-қарау – ауысым басында және соңындағы деректерді салыстыру негізінде жүргізіледі.

Мынадай көрсеткіштер талданады:

- 1) баланың дене-бімінің дамуы;
- 2) организмнің функциялық жағдайы;
- 3) дене дайындығының деңгейі;
- 4) жалпы сырқаттанушылығы.

2. Дене дамуын бағалау кезінде дене массасының дене ұзындығына қатынасымен – Кетле индексімен айқындалады.

Дене дамуының үйлесімділігін дәлелдейтін Кетле индексінің нормасы мынаны құрайды (шаршы метрге килограммен (бұдан әрі –  $\text{кг}/\text{м}^2$ ):

- 1) 6-8 жастағы ұл және қыз балалар үшін – 16 ( $\text{кг}/\text{м}^2$ );
- 2) 9-10 жастағы ұл және қыз балалар үшін – 17 ( $\text{кг}/\text{м}^2$ );
- 3) 11 жастағы ұл және қыз балалар үшін – 18 ( $\text{кг}/\text{м}^2$ );
- 4) 12 жастағы ұл және қыз балалар үшін – 19 ( $\text{кг}/\text{м}^2$ );
- 5) 13-14 жастағы ұл және қыз балалар үшін – 20 ( $\text{кг}/\text{м}^2$ );

б) индекстің екі бірлікке артуы дене массасының артықтығын, екі бірлікке төмендеуі – жетіспеушілікті дәлелдейді.

3. Балаларды сауықтыру ұйымдарының жағдайларында сауықтыру тиімділігінің маңызды критерийлері организмнің функционалдық (резервтік) мүмкіндіктерінің артуы болып табылады.

Осы мақсатта балалардың жүрек-қан тамыры, тыныс алу жүйелерінің функционалдық сынамаларын бағалау және еңбекке дене қабілеттерін бағалау жүргізіледі.

4. Жүрек-қан тамыры жүйесінің функционалдық жағдайын орто-статикалық сынама көмегімен бағалау керек. Жүргізу әдістемесі: шалқасынан 3 минут жатқаннан соң жүрек соғуының жиілігі (бұдан әрі – ЖСЖ) (10 секундтық мерзім бойынша) және артериялық қысымы (бұдан әрі – АҚ) анықталады. Содан кейін тексерілетін адам тез тұрады және тұрған қалпында өлшемдер қайталанады. Бұл ретте тамыр соғуының минутына 4 соғудан көп болмауы, ал АҚ ең үлкен өсімі сынап бағанының 10 миллиметріден аспауы қалыпты реакция болып саналады және 100-ге тең индекс ретінде қабылданады. 1-кестеде ортостатикалық сынама индекстерін бағалау келтірілген.

## Ортостатикалық сынама индекстерін бағалау

1-кесте

Тамыр соғуының бір минутта жиілеуі	Ең жоғары артериялық қысымның өзгеруі										
	артуы						төмендеуі				
	+10	+8	+6	+4	+2	0	-2	-4	-6	-8	-10
0-4	100	95	90	85	80	75	70	65	50	55	55
5-8	95	90	85	80	75	70	65	60	55	50	45
9-12	90	85	80	75	70	65	60	55	50	45	40
13-16	85	80	75	70	65	60	55	50	45	40	35
17-20	80	75	70	65	60	55	50	45	40	35	30
21-24	75	70	65	60	55	50	45	40	35	30	25
25-28	70	65	60	55	50	45	40	35	30	25	20
29-32	65	60	55	50	45	40	35	30	25	20	15
33-36	60	55	50	45	40	35	30	25	20	15	10
37-40	55	50	45	40	35	30	25	20	15	10	5
41-44	50	45	40	35	30	25	20	15	10	5	0

Қолайлы индекс 100-85, рұқсат етілетін 84-75 және ең нашар 74-60 болып саналады. Динамикалық бақылау үдерісінде индекстің өсуі сауықтыру ұйымдарындағы қозғалыс режимінің жаттықтыру әсері туралы куәландырады.

5. Тыныс алу жүйесінің функционалдық жағдайы Генч сынамасы көмегімен бағаланады (демнің сыртқа шығу кезіндегі тыныс алу кідірісі).

Генч сынамасы былайша өткізіледі: сыналатын адам мұрнына қыстырғыш салып, ауыз арқылы еркін дем шығарады және жағымсыз сезімдер пайда болғанға дейін аузын жауып отырады. Тыныс алу кідірісінің уақыты секундомермен тіркеледі. Әртүрлі жастағы және жыныстағы балаларға арналған осы көрсеткіштің орташа мәндері 2-кестеде келтірілген ( $\pm$  орташаның қатесі).

### **Балаларда дем шығару кезінде тыныс алу кідірісі көрсеткішінің шамасы (секундына)**

2-кесте

Жастары жылмен	Ер балалар	Қыздар
7	10 $\pm$ 2,8	8,3 $\pm$ 4,0
8	17 $\pm$ 12,4	13,0 $\pm$ 7,2
9	16,8 $\pm$ 11,0	12,1 $\pm$ 6,3
10	15,5 $\pm$ 7,5	11,0 $\pm$ 4,0
11	18,2 $\pm$ 8,5	13,0 $\pm$ 8,6
12	20,0 $\pm$ 12,0	16,0 $\pm$ 13,6
13	18,5 $\pm$ 11,0	16,0 $\pm$ 6,2
14	19,6 $\pm$ 6,7	19,0 $\pm$ 9,2

Балаларды сауықтыру ұйымдарында балалардың болуының сауықтыру тиімділігі терең тінді биохимиялық үдерістерді жетілдіруде – гипоксия тұрақтылығының жоғарылауында көрінеді. Баланың демалу уақытында тыныс алу кідірісінің 10%-ға және одан жоғары өсуі жағымды қозғалыс ретінде сипатталады; тыныс алу кідірісі уақытының 10% төмендеуі керісінше сипатталады және оттегі тапшылығына төзімділіктің төмендеуі туралы куәландырады.

6. Балалардың еңбекке дене қабілетін бұлшық ет күшінің және бұлшық ет шыдамдылығының көрсеткіштері бойынша бағалау ұсынылады.

Балалардың бұлшық ет күші динамометр көмегімен анықталады. Қол буынының бұлшық етінің күші бір жаққа созылған күшті оң қолмен (солақайларда – сол қолмен) қол буыны динамометрі арқылы өлшенеді. Қол буыны бұлшық етінің жас-жынысына қарай орташа стандарты 3-кестеде берілген.

### **Балалардың қолының бұлшық ет күші (килограмм)**

3-кесте

Жастары жылмен	Оң қол (солақайларға сол қол)	
	Ер балалар	Қыздар
8	14,8 ± 3,2	12,2 ± 2,9
9	16,7 ± 3,2	14,3 ± 2,7
10	18,7 ± 3,8	15,3 ± 2,5
11	21,1 ± 3,6	16,6 ± 3,8
12	25,9 ± 5,5	19,6 ± 4,7
13	26,2 ± 7,0	21,6 ± 4,4
14	28,6 ± 9,0	23,5 ± 4,6

1) бұлшық ет күшінің 10%-ға және одан жоғары өсуі балаларды сауықтыру ұйымындағы дене тәрбиесінің дұрыс жолға қойылуы, сауықтыру іс-шаралары жүйелерінде күш және жылдамдыққа-күшке бағытталған жаттығулардың қолданылуы туралы куәландырады. Динамикалық бақылау үдерісінде бұлшық ет күшінің 10%-ға төмендеуі көрсеткіштің кері динамикасын білдіреді;

2) сондай-ақ бұлшық ет төзімділігі динамометрдің көмегімен анықталады. 5-7 секунд демалуға үзіліс жасап, бала динамометрді бар күшімен 5 рет қысады да сосын динамометрдің бірінші және бесінші көрсеткіші салыстырылады. Баланың жағдайына байланысты бұлшық ет күшінің көрсеткіші оның бастапқы мөлшеріне қарағанда 10-15%-ға төмендейді. Осы ерекшелік неғұрлым аз болса, соғұрлым күштің төзімділігі жоғары болады. «Стайер» типіне жататын төзімді балаларда динамометрде өлшеудің басындағы және соңындағы көрсеткіштері сәйкес келеді. Осы өлшеулердің арасындағы айырмашылықтардың лагерь ауысымының

басынан бастап соңына дейін өзгеруі төзімділіктің дамуын немесе артуын білдіреді.

7. Баланың функционалдық мүмкіндіктерінің өсуін білдіретін маңызды көрсеткіштер дене дайындығының оң динамикасы: жылдамдыққа (30 метрге және 60 метрге) жүтіргенде, төзімділікке жүтіргенде (300 метрге және 500 метрге), сондай-ақ басқа да нормативтерді тапсыру кезінде нәтижелердің жақсаруы болып табылады.

### Балаларды сауықтыру тиімділігінің көрсеткіштері динамикасы

Плюс «+» жақсару (бұдан әрі – «+»), минус «-» нашарлау (бұдан әрі – «-»), «0» - өзгеріссіз (бұдан әрі – «0»).

Жиыны: тиімділігі айқын, сауықтыру тиімділігі әлсіз, сауықтыру тиімділігі жоқ балалардың үлес салмағы.

4-кесте

Баланың аты-жөні	Дене дамуы	Бұлшық ет күші	Төзімділігі	Өкпенің өмірлік сыйымдылығы	Тыныс алуды кідіртуі	Орто-статикалық сынама	Дене дайындығы	Жиыны + - 0
1.								
2.	+	+	+	+	-	0	+	5 1 1
3.								

«Санаториялық және сауықтыру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына

9-қосымша

### Табиғи және емшараларға дайындалған емдік балшықтардың физикалық-химиялық және токсикологиялық көрсеткіштері

Көрсеткіш	шөгінді сульфидті	шымтезекті	тұнба	шоқы
Ылғалдылығы, %	25-75	50-85	60-90	40-80
мөлшері 0,25-5 мм минералды бөлшектермен ластануы, табиғи затқа %	<3,0	<2,0	<2,0	<3,0
мөлшері 5 мм артық қатты минералды қоспалары	жоқ			
ыдырау деңгейі (шымтезек, балшық үшін), органикалық затқа %	40-тан төмен емес			
жылжуға кедергі, дин/см <sup>2</sup>	1500-4000	1500-4000	1000-2000	1500-2500

Уытты заттар	
Табиғи радионуклидтер (Ra <sup>226</sup> , Th <sup>232</sup> , K <sup>40</sup> ), Бк/кг	Табиғи фонның максималды флукуациясынан артық емес
Техногенді радионуклидтер (Cs <sup>137</sup> , жұқтырған Sr <sup>90</sup> ), Бк/кг	РҚН-99-ға сәйкес
Ауыр металлдар (Hg, Pb, Zn, Cu, Cd), мг/кг	Топырақтың жергілікті табиғи фонынан артық емес
Пестицидтер, мг/кг	Жергілікті топырақ үшін белгіленген нормалардан артық емес

«Санаториялық және сауықтыру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына 10-қосымша

### Табиғи және емшараларға дайындалған емдік балшықтардың микробиологиялық көрсеткіштері

Балшықтың түрлері	ОМЧ, артық емес	Коли-титр (ІТТБ)	Титр E.coli (лактоза-оң)	Титр Cl.perfringens	Патогенді коккты микрофлора, Pseudomonas aeruginosa, 10 г
1	2	3	4	5	6
Тұнба және шоқы балшықтары	1x10 <sup>6</sup> 5x10 <sup>5</sup>	1 жоғары	30 жоғары	0,1 жоғары	жоқ
Шөгінді орташа және нашар минералданған және рН кемінде 3,6 шымтезекті	5x10 <sup>5</sup>	10 және жоғары	30 және жоғары	0,1 және жоғары	жоқ
Шөгінді сульфидті қатты минералданған және рН кемінде 3,6 шымтезекті	5x10 <sup>5</sup>	30 және жоғары	50 және жоғары	0,1 және жоғары	жоқ

Ескертпе: балшықтың микробиологиялық көрсеткіштері:

- 1) 1 г-дағы микроорганизмдердің жалпы саны – балшықтың органикалық заттармен ластануының қарқындылық көрсеткіші;
- 2) коли-титр немесе ІТТБ болуы – ішек таяқшалары топтары бактериялары анықталатын балшықтың көлемі;
- 3) Escherichia coli титр – ішінде Escherichia coli жаңа нәжістік ластану көрсеткіші ретінде анықталатын балшықтың көлемі;
- 4) Clostridium perfringens титр – ішінде Clostridium perfringens дәрежесі қандай да бір ескі нәжістік ластанудың куәсі ретінде анықталатын балшықтың көлемі;
- 5) балшықтың белгілі бір көлемінде Pseudomonas aeruginosa патогенді коккты



(стафилококктар, стрептококктар) микрофлораның болуы – терінің ауыр зақымдауларын, тамақтан улануларды және ауруларды (сіреспе) тудыратын микроорганизмдер ретінде.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК